

ҚАУЫЛ
ТАПХАНАСЫ

Смағұл
РАХЫМБЕК

Ару
мен
арлан



Смағұл
РАХЫМБЕК

Ару
мен
арлан

Деректі
әңгімелер

Алматы
“Қайнар”
2005

*Қазақстан Республикасы
Мәдениет, ақпарат және спорт министрлігі
Ақпарат және мұрағат комитетінің бағдарламасы
бойынша шығарылып отыр*

Рахымбек С.

P19 **Ару мен арлан: Деректі әңгімелер.** — Алматы: «Қайнар» баспасы, 2005. — 192 бет.

ISBN 9965-9349-8-3

Смағұл Рахымбектің ауыл тақырыбына арналған әңгімелерінің біразы мерзімдік баспасөз беттерінде жарияланып, оқырман назарын аударған. “Ару мен арлан”, “Қазақы мінез”, “Құлдықтан қашу”, “Өмір суреттері”, “Көңіл дәптері” секілді шығармаларында ел ішіндегі қилы тағдырлар, мінездер көркем штрихтар арқылы суреттеледі.

P 4702250201
403(05)–05

ББК 84 Қаз7-44

ISBN 9965-9349-8-3

© Рахымбек С., 2005
© «Қайнар» баспасы, 2005



ҚАЗАҚЫ МІНЕЗ КӨРІНІСТЕРІ

Өмірде қақ-соқпен ісі жоқ, бар ойы мен мақсаты жұмысымды адал атқарып, елге жақсылық жасасам, көмектесем деп тұратын адамдар болады. Туған жерінен табан аудармай еңбек етіп, жыры да, сыры да сол атамекені — Сарыарқа болып кеткен қалам иесі Смағұл Рахымбек, міне, осындай жан. Ғұмырында пендешіліктен ада, шешенсіп көзге түсуден аулақ, “шолақ белсенділік” пен “атқа мінуге” онша әуестігі жоқ, бірақ шығармашылығына адал автор “Егемен Қазақстан” газетіне өзінің публицистикалық, деректі танымдық дүниелерімен жиі қатынасып тұрады. Оны біздің жақсы білетініміз сондықтан, әріптесімізге жоғарыдағыдай жылы лебіз, игі пікір білдіріп жатуымыз да, міне, осыдан.

Автор өткен жылдар ішінде біздің газетіміздің бетіне тақырыбы тың да тосын, оқиғасы қызық та тартымды көптеген деректі-танымдық дүниелерін жариялады. Сондағы байқағанымыз — бұлардың қай-қайсысының да көркем әңгімеден бір кем емес туындылар екендігі. Төгіліп тұрған тіл, жасаңды емес, табиғи түрде сенімді шыққан диалог, ұтымды да ұтқыр халықтық юморға толы деталь-штрихтар қаламгердің өмірді, оның ішінде ауыл өмірін өте жақсы білетінін көрсетеді. Бұл пікірімізге әріптесіміздің “Қазақы мінез”, “Құс мұңы”, “Балықшы қарт сөйлейді, сөйлегенде бүй дейді...”, “Жұмбақ қазаншұңқыр”, “Менің Рамзай ағам” сияқты дүниелері толық дәлел бола алады. Ал оның бұлардан басқа “Қазына іздеген қазақтар”, “Даланың Дон-Кихоттары”, “Ұясынан безген құс”, “Ауылдың Қожанәсірлері”, “Құлдықтан қашу”

201.512.403-3
824
туындылары ше? Тұнып тұрған ел көріністері, сөзбен салынған суреттер!

Өзіндік қолтаңбасы бар, жазу мәдениеті жоғары деңгейде қалыптасқан кәсіби журналист Смағұл Рахымбек бауырымыздың шығармашылық әлемі қысқаша айтқанда, міне, осындай! Өріптесіміздің алдағы уақытта да талапқа талғам қоя отырып, оқырмандарды тың да соны тақырыптармен, қызықты дүниелермен қуанта беруіне тілектеспіз.

Жанболат Аупбаев

Осындай жерлердегі өзіндік қолтаңбасы бар, жазу мәдениеті жоғары деңгейде қалыптасқан кәсіби журналист Смағұл Рахымбек бауырымыздың шығармашылық әлемі қысқаша айтқанда, міне, осындай! Өріптесіміздің алдағы уақытта да талапқа талғам қоя отырып, оқырмандарды тың да соны тақырыптармен, қызықты дүниелермен қуанта беруіне тілектеспіз.



Өмірдің
өз суреттері



ДАЛАНЫҢ ДОН-КИХОТТАРЫ

Қорғалжындағы Нұраның бастауы Жаңаарқа жерінде. Қазақ топырағының қасиетті бір нұшағы сол Жаңаарқаның жүз бұлағы жиналып, кәусар суларын Нұра өзеніне төгеді, ол барып айдыны шалқар Теңіз көліне құяды...

Табиғат жарықтықтың осынау бірін-бірі емізіп, кемеліне келтіріп жатқан перзенттеріне қарап тұрып, адам баласының да бірі-бірінсіз күні жоқтығы, қысқа тірлікте тату-тәтті ғұмыр кешіп, қылаусыз бауырлықта, туыстықта тұрмыс жасауға ұмтылмағы қажеттігі ұлы жаратушы қалауы екендігі еске оралады.

Әрине, пенде болған соң, бұл кісілік ұстанымнан ауытқып, жаңылып жүретіндер де табылады. Әсілі, адамның көңілін көркейтетін әдемі әзіл, жаныңа шуақ сыйлайтын қарапайым қалжың ба деп те қаласың. Ал жіті бақылап, пайымдасаңыз, осылардың түп-төркінінде кейде таза кісілік, биік азаматтық, тіпті мәрттік мінездер қылаң беріп қалады.

АЛАБҰҒАНЫ ЖҰТҚАН ҚАДЫРХАН

Қарашалғын ауылының белді механизаторы Қадырхан — жұмыс десе жанын салатын адам. Ол мінген «Беларусь» тракторы иесінің дегеніне көніп, таңды таңға ұластырып, дүрілдеп жүре береді. Бірде жігіттер жиналып, бәс тігісті. Орталарында — Қадырхан! “Сен — еңбек батырысың! Оған шәгіміз жоқ. Ал жүректілігіңе күмәніміз бар”, — десті құрдасы Қалмұқан түскі үзілік кезіндегі әлгі отырыста.

— Жүректілігімді дәлелдеуім үшін не істеуім керек? — деді сөздің қысқасын ұнататын Қадырхан.

— Ертеде батырлар түйенің тобығын жұтқан дейді. Бірақ ондай өңеш бізде жоқ. Еңсегей бойына сай, кеңдеу кеңірдек сенде ғана. Сондықтан жүректілігіңді көрейік, әлгінде ғана қармаққа ілінген алабұғаны тірілей жүт! — деді тракторшы Тұрсынбай ойда жоқ ұсынысты ортаға тастап.

— Ойбай, алабұға — балықтың жыртқышы! Оны тірілей жүтса, Қадырханның асқазаны мен ішек-қарынын жалмап кетпей ме, — деп шу етісті қыр беткейде шөп шауып жүрген жігіттер.

— Жұтам, әкеліндер!— деді Қадырхан көзі қызарып.

— Совхоз директорының алдында кісі өлімі үшін жауап беретін жағдайым жоқ, қойындар қылжақты, — деді бригадир Боранбек елге басу айтып.

— Өз өмірім — өзімдікі, шорту, әкел, — деді Қадырхан қитығып.

Ақыры шелектегі тулаған алабұғаның біріне қол салды Қадырхан. Әуелі айналдырып, аударып-төңкеріп көрді. Сонсоң бригаданың аспазы Валентинадан қаймақ алғызып, тулағанына қарамай, алабұғаның өн бойын молынан майлады. Бір сәт көзін жұмып, ақыры “әп” деп жұта бастады балықты. Бір көгеріп, бір сазарды. Тынысы тарылып, талықсып та кетті. Басын шалқайтып, мойынын қайта-қайта бұрып, толғап-толғап, ақыры тулаған алабұғаны өңештен өткізіп, кеңірдектен әрі кетірді.

Өзінде өң де, түс те жоқ, бақырайып отырып қалды. Тұншығып қалған секілді.

— Ойбай, жартыны жеткізіндер! Ішкізіп жіберелік, өліп кетер, — деп қоғадай жапырылды жігіттер.

— Партбилеттеріңмен қоштаса беріндер, кісі өлтірдіңдер, — деді бригадир Боранбек кетіп бара жатып.

Әлқисса, әлден уақытта Қадырхан есін жиды. Бір жартыны бөтегесіне толтырып алып, тракторын гүр еткізіп, ауыл асты.

Осы оқиғадан кейін Қадырханның қадірі өз ортасында бұрынғыдан да арта түсті. Жасы қазір елуді еңсерді. Дін аман. Қорғалжындағы Қарашалғын ауылында тұрып жатыр.

— Керек болса, бөліп-бөліп жайынды да жұтамын. Бірақ біздің жақта жайын балық жоқ қой, — дейді екен даланың Дон-Кихоты — Қадырхан құрдасымыз бүгінде.

ОН СЕГІЗ КЕСЕ ҚЫМЫЗ

Жетпістің бесеуіне келсе де әлі тың көршім Әлім Түгелбаев ақсақал әңгіменің майын тамызып айтатын “айыр көмей” адам.

1963 жылы Қима ауданының “Терісаққан” кеңшарына партком хатшысы болып сайландым. Ол бір қызығы мол жылдар еді. Жұмысты да өндіртіп істейтінбіз, демалысымызды да ұйымдастыра алушы едік, — деп бастады Әлекең әңгімесін, ауладағы ақ қайыңдар көлеңкесінде, кешке таман самалдап отырғанымызда...

— Көктемде төлдеген отарларды аралап, ісі тындырымды шопандарға рақмет айтып, қант-шайларын автоталақаларға таратқызып, ауылға беттедік бірде...

— Жеңгелерің жақсы дәм әзірлеп жатыр, үйге жүріңдер, — дедім қасыма ерген сапарлас серіктестеріме. Іштерінде комсомол, кәсіподақ жетекшілері, басқа да ауыл белсенділері, сала мамандары бар — оншақты адамбыз.

Екі бие байлайтын кез. Үйде мамырдың қымызы қос күбіде мелдек атып тұрғанын білемін.

Марқұм Зейнат қосағым ол кезде ауылдағы бірінші қымызшы, бабалар сусынының бабын бір кісідей білетін шебер еді...

Қысқы соғымның сүр қазысы, жал-жаясының сарқыты тоңазытқышта иін тіресіп тұрған болатын...

Ол уақытта соғымға екі-үш жылқыны бір-ақ соямыз. Ауыл жарықтықтың өрісіне төрт түлік сыймай жататын жылдар еді ғой, шіркін!

— Әлеке, онда сіздікінде “қымыз ішу” жарысын ұйымдастырайық! Кім қасиетті сусынды көп ішсе, соған жүлдеге бір құлын берейін, — деді ферманың меңгерушісі Қосайдар. Жеке меншігінде малы көп, ауқатты тұратын азамат-тын ол.

Қысқасы, қарағайдан қиып салған біздің үлкен үйдің төрінде кілем төсетіп, дөңгелек үстелдер жасатып, мол дастархан жазып дегендей, “қымыз ішу” жарысына кірісіп кеттік.

Зәкөскеміз — бал қаймақ, қызылкүрең бауырсақ, сүрленген қазы-қарта, жал-жая!

Босаға жақта әрқайсысы 25 литрлік қос күбі тұр. Қолымызда біздің жақта қазекең летр кесе деп атайтын

700—800 грамдық ағаш тостақ. Соларды кемеріне келтіре толтырып, кезектесіп қымыз ішіп жатырмыз.

Екінші “таймда” бас агроном, бас мал маманы, бас инженер, бас мал дәрігері бар — ылғи “бастар” бастары айналып, жүректері лоблып, дастарханнан шегінісіп кетісті.

Он екінші кесені төңкергенімізде, жас жолбарыс — комсомол хатшысы серейді... Оған ілесе кәсіподақ төрағасы “тыраң” етті.

Асқазаныма “он бесінші” әзер сыйды. Әжептәуір қыздым. Сонда да тоқтамай он алтыншы, он жетінші кеселерге кеттім. Мақсатым жиырма кесеге жеткізу еді. Бірақ он сегізін босатқанымда, көз алдым бұлдырап, буындарымның босағанын сездім. Серт бойынша орнымнан әбжіл тұрып далаға, қарсыдағы қалың шіліктің ішіне жетуім керек. Мәре сол жерде. Сондықтан, тәуекел деп он сегіз кесемен тоқтадым. Жігіттер жеңілді.

...Сол жолғы “қымыз жарысынан” жеңіп алған құлын уақыт өте келе өсіп, алдына қара салмайтын тайпалған жорға болды.

— Ал он сегіз кесе қымыз ішетін қайсың барсың? Жә десендер, ресторанға қазір апарайын, — деп қуланды әңгімесін тәмамдаған қария бәрімізге сынай қарап. Қаланың квасы мен сырасын сораптаған бізде ондай қауқар қайдан болсын!

ҚАЗЫНА ІЗДЕГЕН ҚАЗАҚТАР

Атақты Иманжүсіпке еріп, Арқа төсінде ғана емес, бүкіл қазақ даласында сайрандап, серілік құрған Жалмұқан 1000 жылқы біткен әйгілі бай Әбдіраманның жалғыз ұлы еді... Өзін бір ғана Иманжүсіптің емес, Баяннан шыққан ағайынды қаржас Өсербай мен Жәмшит секілді салдардың да сарқыты санайтын Жалмұқан әншілік пен балуандықты, мәрттік пен жомарттықты ту қылып ұстап, Ерейменнен ұзап, Көкшені көктей өтіп, Баянауылды бауырға басып, Омбы асып кетіп отырған. Әке дәулетінің молдығының арқасында еш нәрседен тарлық көрмеген Жалмұқан сері көктем шығып, жер аяғы кеңіген уақытта қасына нөкер ертіп, қызды ауылдарды, ойын-сауығы үзілмейтін ауқатты

ақшаңқан отауларды төңіректеп, сауық-думанды қыздырған.

Бүкіл Арқа өңіріне қолы ашық Атымтай атанған. Жалғыз баласының жамбасы жер иіскемей, қызық қуып, бар дәулетті судай шашып, дүниенің мөріне қарамауға айналғанын көрген әкесі Жалмұқанның айтқан ақыл, берген кеңестерді сырт көзге бас изеп мақұлдағаны болмаса, шындап келгенде, орындамайтынына көзі жеткен соң, шұғыл шешімге келген. Баласының жүйрік атты жүгендеп, той-думанды түгендеп жүруін сандық-сандық алтын-күміс тайтұяқтардың, мыңғырған төрт түліктің кесірі деп ашынған әке күндердің күнінде бар малын ағайын-туғандарына таратып беруді, қазына біткенді тау бөктеріне тығып тастауды ұйғарды...

Кіндігінен өрген балалары секілді, өз дегені болмаса, өзгенің айтқан уәжіне ғұмыры құлақ асуды ар санап келген қайсар бай Әбдіраман ақсақал жалғыз ұлдың ақылы кіріп, сабасына түскенінше осындай амал жасауды жөн көрген.

Ұшар биігіне қырандар ұя салып, жартастарында арқалары ойнақ салған Күншалғанның етегіндегі ішіне оншақты адам сиып кететін үңгірі – Ұйтасты қазынасын сырт көзден тасалар ең сенімді қойма санаған Әбдіраман бай қасына қарулы, атан жілік жылқышы жігіттерін ертіп, түн жамылып, қарағайдан қиып жасатқан қазына толы сандығын белден жер қаздырып көмдіріп, үстін отау орнындай тақта таспен жапқызып тастаған. Қанша құпияласа да, сыр жата ма, байдың бауырына басқан ерке тоқалы күн шыдап, ай томсарып, бір сәтінде көңілдес құрбысына жер астына түскен алтын-күміс толы кебеже қақында сыбыр етті. Сұлу тоқалдың сол сыбырын Арқаның ерке желі іліп әкетіп, тау асырып, талай ел, “түмен” жұртына жеткізді. Содан, алдымен Арқа жұртының, кейін ұлы даланың осы дақпыртты естіген басқа да өңірлерінің қазына іздеген қазақтары Күншалған өңіріне біреулері – нағашы елін, келесілері – құда-жегжаттарын, басқалары – қанжығалы Бөгенбай, от ауызды, орақ тілді Үмбетей бабалардың аруақтарына тәу етуді мақсат ұстап, үздік-создық келе бастады. Сол үрдіс қазан төңкерісінен кейін де жалғасты. Күншалған тауының Ұйтас үңгіріндегі текше тастың астында жатқан алтын-

күмісті қазып алуға шындап кіріскендердің бірі — Әбдіраман баймен аталас Бөктергі ақсақал еді. Сол 1932 жылы қылшылдаған жігіт ағасы батыр тұлғалы, жүзінен нұр төгілген көрікті де жүректі Бөктергі НКВД-ның қаһарынан қаймықпай-ақ, қолына қайла, күрегін алып, тілеулес туыстарын ертіп, Ұйтас үңгірінде айлап жатқан, талай тастың астын ашқан. Ұйтаста не көп — сандық тас көп. Табиғаттың өзі тап осы қазынаны іздеген қазақтар шатасып, дал болсын дегендей, үй орнындай текше тастарды жайып-жайып тастаған секілді. Сол Ұйтастың үйілген осы текше тастарының қайсының астында қазына жатқанын 1932 жылдан бастап алтын-күміс іздеген Бөктергі ақсақалдан бастап, кейінге шейін сабылған ел аңдай алмай-ақ қойды...

Әбдіраман байдың сері баласы Жалмұқан да, одан туған жалғыз тұяқ Арынғазы балуан да осы атадан қалған қазынаны таңды-түнге, күнді-тәуліктерге жалғастырып, талай тер тамшылатып іздеген. Арынғазы серінің соңына кейін милиция түсіп, төрт жыл тауға тығылып, жартасқа жасырынып, ақыры күндердің күнінде оқтан көз жұмды. Атасы тыққан қазына сөйтіп ұрпағына бұйырмады. Тағдыр шіркіннің кейде адам баласына қиыс қарай қалатынын қайтерсіз. Бүгінде сол кезінде мыңды айдап, алтын-күмістен ғана ас-ауқат ішіп, дүниені үріп-шайқап өткен атақты байдың соңғы туған тұяғы — Монтай бар, тірі. Бірақ әбден қажып, қартайған, үсті-басы алба-жұлба, сауыс-сауыс Монтай пақыр тіленшілікті кәсіп етіп жүр. Астана мешітінің алдында кенеп қап арқалаған, тілін бұрап, тұтығып сөйлейтін Монтай — Күншалған тауының Ұйтасына бабасы көмген алтын-күмістің нағыз мұрагері екенін бүгінде Елордада тұратын батагөй, шежіре қария Әлім ағамыз Түгелбаевтан өзге білетіндер некен-саяқ... Айтпақшы, алтын-күмістерін көміп тастаған Әбдіраман байдың 4—5 ұрпақтан сабақтасатын аталасы болып келетін осы Әлім ағамыз да бертінге дейін аңшылық құра жүріп, Күншалған тауын бөктерлеп, Ұйтас ішіне үңіліп дегендей, қазына тығылған тұстарды шолып көрді. “Қойтас” кеңшарында партия комитетін басқарып жүріп те, талай сайланып шығып, жеме-жемге келгенде райынан қайтқаны бар. Партияның қаһарынан қаймыққан.

Бірақ Әлім тайсақтағанымен, қазына іздеген қазақ-

тардың талабы тасқа тіреле берсе де, таулары шағылмаған еді. Бертін, 70 жасында сол Бөктергінің 17 жастағы қызын әмеңгерлік жолымен жар етіп алған Көшербай сал араға жыл аралатып, 1978 жылға дейін Әбдіраман байдың алтын-күмісін бүкіл әулетін жауып іздеумен болды. Қопармаған тасы, аудармаған топырағы қалмаған. Бірақ байдың қазынасы, дуалап қойғандай, таптырмаған. Ел ішінде беделді Көшербай салға сол кездегі ел басшылары мұныңыз не деген соң, Күншалған етегіндегі Киізбай ауылының ежелгі тұрғыны Арыстанның Мақаны деген ақсақал да бір жылдары осы қазынаны іздеуге бел шешпей кірісті.

Бұл кеңес кезіндегі Ленин атындағы кеңшар, қазіргі Күншалған жауапкершілігі шектеулі серіктестік деп аталып отырған ауылдың тұрғыны еді.

Алтын-күмісті қайтсем де табамын деген мұндай қазына іздеген қазақтар бертінге дейін Күншалған тауының етегінде ертелі күнді кеш қылып, қайран асыл уақыттарын еш қылып, тас төңкеріп, қайла-күректерін жартасқа жаныған. Бірақ даланың суырларын таң қалдырып, ақ тер, көк тер болғаннан басқа еш нәтижеге қолдарын жеткізе алмағандары анық еді.

— Бөгенбай батырдың сауыт-сайманын іздеген Әлихан ғалым да кезінде осы Күншалған маңын барлап көрді. Бірақ бел шешіп кіріскен жоқ. Оған керегі — батыр бабасы Бөгенбайдың ұрпақтары 1932 жылдың аштығы кезінде жерге көміп тастаған Бөкеңнің сауыт-сайманы болатын. Соларды таппаған соң, Әлихан Ереймен жеріндегі Малтабар ауылы төңірегінен іліккен олжасы — Бөгенбай батырдың күміс кісесі мен болат сауытының жұрнағын місе тұтып, Алматыға қайтып кетті, — дейді бүгінде 75-тен асқан шежіре қартымыз Әлім Түгелбаев ойға шомып...

Кезінде ер Бөгенбай бабамыз Ерейменнің атақты Кәрітауына 40 мың әскермен келіп, осы өңірді 10 жылдай мекендеп, иеленіп қалған қалың қалмақпен шайқасып, қасиетті қазақ жерінің бұл пұшпағын да жаудан азат еткен. Кәрітаудың биіктігі — 600 метрге жуық. Сол қасиетті Кәрітаудан сәл жоғары Ақдің биігі мен Әбдіраман байдың тығылған мол қазынасын бауырына басып Күншалған тауы жатыр, көлденең түсіп, жарықтық! Маңында Абылай сұлтан жорықта жүріп,

жағалауларына шатырын тіккен Қасқа, Абылай көлдері айнадай жарқырайды...

Кешегі өткен мыңды айдаған бай бабамыз Әбдіраманның жалғыз ұлдан тыққан алтын-күмістерін іздеп тауып, ел кәдесіне жаратамын дегендер болса, бағыт-бағдар осы, ағайын!

МЕНИҢ РАМЗАЙ АҒАМ

...Өмірді тани түссем, біле берсем деген ерекше бір құштарлық менің Рамзай ағамның — қазақтың қадірлі жазушыларының бірі Рамазан Тоқтаровтың ойында өзгеше күшпен лапылдап тұрушы еді.

Қаламгердің “Ғасыр наны” романын жазып жүрген жылдары... Туындысына түсер өмір суреттері көмескі тартып, қиял күші сарқыла бастағанда елге сапарға шығуды ғадетке айналдырған жазушы алтын күзде Ақмолаға келді. Астық мол, қырман біткен қызыл дәннен мелдектеп тұрған кез. Сонысына қарай шаруашылық басшылары да көңілді, табыстарын айтып, ақтарыла жөнеледі. Кеңшарларды еркін аралап, ел егіншілерімен дидарласқан соң, Рамзай ағамның елдегі ерекше мінез-құлық иелерімен кездескісі келді.

— Енді өзің айтып жүретін Қорғалжын қылжақбастарымен әңгімелесейік, — деді ол.

...Бірін-бірі жетелеп, асыға жөңкіп, көшіп бара жатқан күзгі бұлттарға көз салып, машина ішінде келе жатқан Рамзай ағамыз әңгімеге айрықша ықыласты. Анда-санда “әй, өмір-ай” — деп қояды. Мен болсам, ел ішінен өзім көрген, естіген, қызықты деген оқиғаларды жазушыға тілім жеткенше суреттеп, баяндап келемін. Кітаптарының біріне сол көріністер кіріп қалар деген үміттен де құр алақан емеспін.

...Ауыл адамдары бір-біріне ат қойғыш. Мінезіне, күнделікті өмірдегі іс-әрекеттеріне сай, дөп келіп жататын теңеулерді дәл тауып айтатындарын қайтерсің. “Қарашалғын” ауылында Тасмандай, Тапалшал, Қызылшал, Майдахамит, Балахамит, Балтон-қабылда, Атшы-қабылда деген ағаларымыз болды.

Тасмандай аталған қарияның мінезі шалт, шақар адам еді... Бірде шақшасы қысқы омыртқаға жиналған ауылдастарын аралап кетіп, қолына насыбайдан босап

қайтып келгенде, қатты ашуланған атамыз құтысын төрде отыған Қызылшалға жіберіп қалып, бүкіл тістерін қаусатып түсіріпті.

Тапалшал болса, ауылдың “қоңыраулы сағаты” секілді-тін. Көктем келісімен құлқын сәриден тұрып алып, “малды өріске шығаратын уақыт болды” — деп, айқайлап, ауылды оятып жүретін... Жылы төсектің иісі бұрқырап, манаурап, ұйқылы-ояу сиыр сауып жүрген жас келіншектерді бүйірлерінен түртетін. Малың жинап, ауыл сыртына өзі айдап әкететін. Осы бір қылығында жұмбақ сыр жататындай еді Тапал атамыздың.

— Бұл кісіңіз қуатты шағында әйел баласына ерекше құмар, бауыры бос болмайтын. Көрікті деген жан баласын көп төңіректейтін. Қайрат шіркін бойдан кеткенімен, құштарлық жарықтық ойдан, көңілден кетпесе, қайтсін қартыңыз, — деп отыратын, Тапалшалдың осы бір таңғы қылықтары әңгіме болғанда, Майдахамит қария майдалап қана...

Нар тұлғалы Қызылшал қонаққа шақырған үйге малын жайлап жүріп келе беретін. Қолындағы айыр не күрегін босағаға сүйей салып, дастархан шетіне отыра кететін. Соңынан, елден бұрын қозғалып, кебістің ең жаңасын, тәуірін аяғына іліп жүре беретін. Баласы жоқ, қам-көңіл қарияның осы бір еркелігіне ел кешіріммен қарайтын. Таңғы намазын көктем мен жаз айларында үйінің алабота өсіп кеткен төбесіне шығып оқитын Қызылшал бірде қамысы опырылып кетіп, төргі бөлмеде сәждаға бас иіп жатқан кемпірінің үстіне құлап, оны мерткітіріп алғаны бар.

Елдің бүкіл баласын арбасына мінгізіп алатын ақкөңіл атамыз Атшықабылданың, үнемі жақ жаппай, әңгімеден ауызы босамайтын ділмәр атамыз Балтонқабылданың өз театры, филармониясы жоқ ауылымыздың әртістері болғаны жадымызда, — деймін жазушыға. Ол болса, айта түс дегендей, маған ықыласпен қарайды...

— Енді қалғанын өлеңмен айтайын, Рамзай аға, — деймін суреткерге бір сәт.

...Бір қария бар еді, бұл ауылда,
Сая болған үлкен-кіші бауырға.
“Капитан” деп атайтұғын ел оны,
Қайыспаған не сұрапыл, дауылда.

Колхоз құрған, ел қорғаған ер еді,
Алға сүйреп, тірлік атты кемеңі.

“Капитан” деп атайтуғын ел оны,
Болғаннан соң бір ауылдың сенері.

Уақыт өзі мартенінде шындаған,
Қыран еді қанаттары сынбаған.
Қартайса да, жарқыл қағып жүретін,
Жан емес-тін еңбегін бір бұлдаған.

Ағыл-тегіл ақтарып бір арманын,
Аралатып ойларының орманын.
Кенен сөзден кеніш жасап, жарықтық,
Жағар еді, көңілінің шамдарын.

Шапанынан жусан исі бұрқырап,
Мұрттың ұшын жүз ширатып, жүз сылап,
Өлең қайда, өнер қалай, бала, — деп,
Менен ылғи жүруші еді, жыр сұрап.

Ұйтқы болып, тірлігіне жұртының,
Көз жұмғанша алмай өткен бір тыным.
Ауылымның Дантесіндей ер еді,
Елге арнаған, жүрегiнің лүпілін!..

Теңіз көлінің бір перзенті — атақты Асаубалықтың жағасында алтын Күздің суретіне тамсана қарап отырмыз. Қорғалжын қорығының Бірқазан, Шағала, қаз-үйректері улап-шулап, жылы жаққа ұшпаққа жиналып жатқан мезгілі.

— Рамзай-аға, осы Асаубалықтың үстін мүк басқан алып шортандарды су ішуге келген жылқыны шашасынан қапқанда талай қылқұйрық ақсап жүре алмай қалады екен, — дейді Құланөтпес кеңшарының бізді бастап жүрген партком хатшысы Балғабай Ыбырайымбеков, балық сорпасы бүлк-бүлк қайнап жатқан қазан астының шоғын қолындағы шала жанған бұтақпен түртіп — шортан ұзақ жасаса, тула бойын мүк басып, салмағы 40–45 кг дейін жететіні рас, Рәке, — деді жазушыға қарап, Қорғалжынның қалам ұстап жүрген мұғалімдерінің бірі Есіркеп Тәжин.

— Ес-аға, “Төртеу едік, бесеу болдық” деген әңгіме-нізді айтыңызшы, — дейміз жергілікті жазушыға. Қорғалжын директоры болып істейтін Есіркеп Тәжин ағамыз ел ішіндегі көсем сөзге, шешен сөзге қамшы салдырмайтын жүйрік, тапқыр, ер мінезді, газет-журнал бетін бермейтін қаламы жүйрік жан еді. Атақты ақын Әнуарбек Дүйсенбиевтің досы болатын.

— Жана ауданның біріне хатшы болып Хазин деген

ініміз сайланды. Естимін, елге қаталдау. Сонысын есіне салып, райынан қайтарып, жұмсартып көресін, — деп кабинетіне кірдім.

— Қуанып келдім, айналайын. Бұрын төртеу едік, енді бесеу болдық — дедім бірінші хатшыға.

— Бұл сөзіңізге түсінбедім, аға, — деді Хазин ініміз.

— Ендеше түсіндірейін. Осы кеңес мемлекетінде халықтың қамын ойлаған тарихта төрт адам болушы еді. Олар — өзің білетін Ленин, Сталин және мына аудандық газеттің редакторы Абдин және мен — Тәжин едік. Енді осы төртеуге бесінші болып сіз — Хазин қосылдыңыз. Соған ел қуанып жатыр, — дедім де, кабинетінен шығып жүре бердім. Сөйтіп, хатшы інімді сабасына бір түсіріп едім, — деп әңгімесін аяқтады Есекең. Рамзай ағамыз мәз, екі иығын селкілдетіп, рахаттана күледі.

...Аудандық ГАИ қызметкері өзі тұрған бекет тұсынан салдыр-күлдір құйындатып өтіп бара жатқан Кәртай шофердің автокөлігін тоқтатады. Қатты жүргені үшін куәлігін алып қояды.

— Туыс едік қой, жібершейші, — дейді Кәртай саспай ГАИ-дің қатал лейтенантына.

— Қайдағы туыс. Сен — Тінәлі, мен — Темеш емеспін бе, — дейді ала таяғын білеген милиция.

— Ойбай-ау, сіздің фамилияңыз — Бұзауов емес пе, — дейді Кәрекең.

— Иә, онда не тұр, — дейді ГАИ.

— Ендеше, менің фамилиям Баспақов ғой. Көрмейсіз бе, — дейді Кәрекең куәлігін нұсқап.

— Сөз тапқанға қолқа жоқ! Мә, ал, куәлігінді, — деген екен сонда ГАИ қызметкері Бұзауов ағамыз...

... Бірде Есіркеп Тәжин ағамыз қасындағы досымен күздің қараңғы түнінде қонақтан қайтып келе жатады. Жарығы жоқ көше. Жолдасы бәкене бойлы, аласа адам екен. Сонда Есіркеп ағамыз: — Әй, Шүке, сен аяқ астымызды байқап, барлай жүр. Темір-терсекке сүрініп кетпейік! Сен жерге жақындаусың ғой! — деген екен...

Рамзай ағамыз тағы да мәз. Кең маңдайы жарқырай, рахаттана күледі. Жаны жайсаң, жүрегі таза адамның күлкісі...

Асаубалық көлінің балығын жеп, таза ауа, бұла табиғатының құшағында кең көсіле дем алып, сол күні есіле, еркелей аққан Жақсыкөң өзеніне жетіп, Баршын ауылындағы Ыдырыс қарияның шаңырағына келдік.

Біздің әкейдің немере інісі бұл кісі Арқа жұртына Жаман-Аға деген атымен мәлім адам болатын... Қожанасырлығында, ақкөңілдігінде шек болмайтын. Баршын ауылына жеткенше жазушыға осы кісінің ел ішіндегі қызықтарын баян еттім.

...Соғыстан кейінгі елдің енді ес жия бастаған уақыты. Майданнан оралған Ыдырыс ағасы Жұмажанның жаңа күпісін, саптама етігін, сәнді бөркін киіп, ауылдағы жесір келіншектерге қырындап келе жатып, мал қорасының қасындағы шегенделмеген құдыққа қараңғыда байқамай түсіп кетеді. Шыңыраудан шыға алмай өрмелей беріп, қайта құлап, суды шалпылдатып жатқанда, қой қорасын күзеткен Әлең деген құрдасы келіп: — Бұл кім, ей, жынсың ба, перісің бе? — деп аяқай салады құдыққа үңіліп.

— Әлеке-ау! Бұл — мен Жаман ағаң ғой, қатын іздеп құдыққа құлап жүрген, — деген екен сонда... Содан Жаман ағаң атанып кетіпті.

Тағы бірде кеңшар директорының үйіне шөп әкелген жігіттер үй иесі жайған дастарханға жиналады. Орталарында — Жаман ағаң. Майлы қуырдақпен ақ арақ ішіле бастағанда, жігіттер Жаман ағаңа да құйып: — Ішіңіз, — деп қинай бастайды.

— Намаз оқып жүрмін, ішпеймін! — дейді Жаман ағаң... Бірақ жігіттер кеткен соң, директор Аймұхамедпен жеке қалған Жаман ағаң, ел басшысының “енді ешкім де көріп тұрған жоқ” деген сөзіне малданып, бірер 100 грамды тастап-тастап жібереді.

Таңертең бас жазуға қайта жиналған еріккен жігіттер Жаман ағаңды қайыра қолға алады.

— Кеңшар директоры үшін қалай ішпейсіз, — деп қинайды қулар. Сонда сасып қалған қожанасыр ағамыз: — Өй, директор үшін түнде ішіп едім ғой, — деген екен.

...“Күнбек” жайлауында қой бағып отырған Жаман ағаң ұзын жолдың үстінен машина көрінсе, алдынан далақтай шауып шығып, тоқтатып, танысын-танымасын, міндетті түрде қара қостан дәм татқызады екен. Асықпағандарына қой сойып, уақыты жоқтарына қымыз бергізіп, риза қылып шығарып салатын. Сондықтан Жаман ағаңның достары көп. Атағы Арқаға кең жайылды. Солардың арасында тіпті Кеңес әскерлерінің Арқадағы құпия полигондарындағы ірі шенді офицер-

лері, даладан қазына іздеген геолог, археологтары да көп болушы еді.

Сайын далада қой мен ой баққан Жаман ағанның арқасында ел адамдары Алматы мен Мәскеуге талай сыйлы қонақ болып қайтқандары есімізде...

— Жаман аға, бұл кісі — Рамазан Тоқтаров деген жазушы, Алматыдан! Өз тұстарының ішінде “Ертіс мұхитқа құяды” — атты тұңғыш роман-диалогия жазған, “Жердің үлгісі”, “Тұлпардың сыны” секілді кітаптары бар, — деймін, Жаман ағаңа Рамазан Тоқтаровты таныстырып.

— Сіз туралы көп естідім, танысқанымға қуаныштымын, аға! — дейді жазушы да шопанның күн исі сінген, жел қаққан бетін бетіне басып, құшақтап тұрып...

Сол жолғы сапарында Рамзай ағамыз Жаман ағаның қасында бір жеті жатып, соғыс кезіндегі, тың игеру жылдарындағы уақыттарға қатысты әңгімелерін молынан тыңдады. Жазушы блокнот, қағазға ештеңе жазбайды екен. Бәрін зердесіне, жадына түйе беретін секілді.

Рамазан Тоқтаровтың бір ауылдың мектебіндегі француз тілінің мұғалімімен француз тілінде еркін сөйлесіп кеткенін көріп таң қалдық. Сөйтсек, жазушы кезінде шет тілдері институтында оқыған екен.

Жасыратын не бар, осы жақсы әсер, көтеріңкі көңіл жазушыны өзімнің туған ауылым “Қарашалғынға” әкелгенде нілдей бұзылды... Ел ішінде неше түрлі адамдар кездеседі. Сол күн күздің мизамы ұшқан, нұрлы шуағы молынан төгілген, саф ауасы кеудеге қымыздай құйылған тамаша тәулігі еді. Әкейдің саманнан құйдырып салғызған, еңсесі биік, тынысы кең үлкен үйінде Рамазан ағамыз қос жастықты қолтығына басып, рахаттана дем алып жатқан. Әкей де әңгімешіл. Шешейдің қаймақ қатқан шәйін енді ала бергенімізде, ауыл ақыны кіріп келді. Мақалалары аудандық, облыстық газеттерге жарияланып тұратын, ауылдың есті, ойлы деген жігіттерінің бірі болатын...

Келе Рамазан Тоқтаровты сол күннің кешіне қонаққа шақырды. Айтуынша, таңертең бір қойын өрістен әдейі алып қалыпты. “Жердің үлгісін”, “Тұлпардың сынын” оқыпты, тәнті екен.

Көрші совхозды аралап келген соң, ауыл ақынының үйінен қонақасы жемекші болдық. Рамзай ағамыз күндіз жаңағы совхоздың бригадаларын молынан ара-

лап, кешінде кеңшар директорының екі жерде сойғызған қойларына, жайылған кең дастархандарына қарамай, рахмет айтып, “Қарашалғынға” ат басын тіреді.

— Өзіміздің қаламдасымыз! Ел ақыны! Қолын қусырып, қойын сойып күтіп отырғанда, кешіккеніміз — әбестік. Ақын адам көңіліне қаяу алар! — дейді жазушы елпілдеп. Сонымен, сол күннің кешінде әлгі ел ақынының үйіне ат басын тіредік.

...Үйге кірсек, мейман күткен дастархан да, шаңырақ иелері де көрінбейді. Бір уақытта барып, төргі бөлмеден күйелеш-күйелеш ақынымыз шықты. Айтуынша, әйелі екеуі үйінің пешін бұзып жатса керек...

Жер жарылса, түсіп-ақ кетер едім... Ұялғанымыздан Рамзай ағамызды жетелеп, үйден шығып жүре бердік. Рамзай ағамыз болса, әуелгі әдетімен: — Әй, өмір-ай — деді де қойды...

Ұл-қыздары жетілген, дәулеті мол, асып-тасып жатқан азаматымызға сол жолы не көрінді екен — деп осы күнге дейін ойлаймын... Қонақтан қайтуымыз тез болғанын көрген әкей:

— Қап, ез неме, келіннен аса алмаған екен-ай! — деп өріп отырған қамшысының өрім түйініне бір түкірді...

Уақыт өте келе, Рамазан Тоқтаровтың әрқайсысы 35 баспа табақтық “Ғасыр наны”, “Таңбалы жарғақтың құпиясы” секілді үлкен романдары қолға тиісімен, Рамзай ағаммен бірге жүрген сол күндердің суреттерін әр беттерін парақтай, шұқшия қарап, іздедім. Кейіпкерлер бейнелерінен, іс-әрекеттерінен, өмірлік пайым-түсініктерінен таныс мінездерді, шарпысқан ситуацияларды байқадым. Бірақ, неге екені белгісіз, өзімді жерге қаратқан ауыл ақынының сол пендешілік мінезін аңғартатын бірде-бір суретті, ойды таба алмадым.

...Адамгершілігі мол, жаны жарық жазушы, менің ардақты Рамзай ағам, адуын әйелінен аса алмаған сол бір ақ көңіл жігітті кешірген болар деп ойладым...

ҰЯСЫНАН БЕЗГЕН ҚҰС

...Бораш — менің балалық шақтағы досым еді... Нөсерден соңғы суға малшынған шалғынды кешіп, бірге жүгіретінбіз. Даланың рабат самалы есіп тұратын қырқалардың үстіне шығып, кептіретінбіз. Болашақ

жайлы армандарымызды айтатынбыз. “Ньютон секілді ғалым боламын” — дейтін Бораш зеңгір көктің құс ұшар биігіне ілініп, кішкене қанаттарын дірілдетіп, ән салып тұрған бозторғайдан көз алмай жатып.

— Ал мен өскенде журналист боламын, — дейтінмін мен де, қала жаққа қарай таспадай тартылған тас жол жаққа үміттеніп қарап қойып.

Балалық дәуірінің бел ортасындағы Бораштың өмірі нұрлы болды. Ақ көңіл қарт Момбай атасы мен қасқыр соққан атақты Зурә әжесі тірі болатын. Ер мінезді сол ұлы анасы Борашқа тірі жанның баласын тигізбейтін. Дауысы зор, мінезі шалт, дархан көңіл, мейілінше әділ Зурә әжеміден ауылдың тентегі де, ақылдысы да қаймығатын.

— Боранбайымды ренжіткенің маған дос болмайсың, — деп отырар еді жарықтық, қасқыр қауып, семіп қалған қолын уқалап отырып.

— Біздің бұл Бораш кісі ғой! Үйінің шаруасын тап-тұйнақтай етіп атқаратынына ризамын. Айналайын, өскенде небір жұмыс алдынан қашып отыратын еңбекшіл болады осы бала, — дейтін әкей Боранбайдың кепкен қиларды қаттап үйіп, пирамида жасап, әдемілеп қоятынына риза болып. Расында да, Бораш үлкендердің тапсырған шаруаларын аса ықтиятпен әрі уақытында орындауды сүйетін. Есіктің алдын су сеуіп, әбден тазалап, сыпырып болмай, ойынға кетпейтін. Бораш үйінің шаруаларын бітіргенше, Момынбай атамыздың үлкен саман үйінің көлеңкесінде күтіп отыратынбыз.

— Ал, кеттік, жігіттер — дейтін үлкен адамдарша бізге. Жігіттер деген сөзіне марқайып, өсіп қалатынбыз ауыл жалаңаяқтары. Мектепте сабағына да зият болды Бораш. Өсе келе, жаз шыға шөп науқанында жүретін тракторшы ағасы Шортанның қасына ерді. Көмекшісі болып, ақша тауып, Зурә әжесіне беретін.

— Боранбайым “зерплат” әкелді, — деп, Зурә әжеміз біздің үйдегі Бибі әжем бастаған ауылдың ақ жаулықты аналарын дастарханына шақырып, сандығында сақтаған мейіз-құрттарын салып, шәй беретін. Моторлы кішкене велосипедімен Бораш Қарашалғын мен Тыңғылықтының арасына салынған үлкен айдау жолмен жейдесі жалаудай желбіреп құстай ұшып бара жататын. Сыртынан қызыға қарайтынбыз Борашқа. Ауылдағы Деревяноко деген жалғыз орыстың алтын шашты қызына ғашық

болған Бораш керзі етігін айнадай етіп майлап, сол үйден шықпайтын. Қолы епсекті, жұмысқа зият Борашты Деревянко шал да жақсы көріп, бақшасының қоршауларын екеуі бірге жөндеп, шегелерін екі кештің арасында ауылды жаңғырта қағып жататын. Бәкене бойлы, тығыршықтай, қарулы Борашты сол Деревянконың қағаздай аппақ қызы да ұнатып, “Боря” деп қасына келіп-кетіп жүруші еді. Өсе келе екеуі қосылатын, жақсы үй болатын шығар деп топшылайтынбыз сырттарынан.

— Бұлар екінші Дүйсен мен Мәриям болатын болды, Алла жазса, — деп отыратын үлкендер де, Маша қыз бен Бораштың достықтарын жат көрмей. Біз балалар болсақ, бірге ойнап жүрген сәттерде, ауыл сыртындағы қалың сасырдың ішіне жасырынып жатып, Бораш пен сары шашты Маша қызға арнап, “Дудар-ай” әнінің Ауылым Өтебайдың қырқасында, Төбесі бірде-дауыл, бұрқасында, мойыныңа ақ білекті-ау арта салсам, Борашжан, сонда маған ұрысасың ба! — деп ән шырқайтынбыз. Досымыз бізге ренжімейтін. Тек секпіл беттері сәл қызарыңқырап, кішкене көздеріне нұр толып, монтиып отыра беретін көк шалғынның үстінде молдас құрып...

Ағын судай өмір зымырап өтіп жатты. Бораш та, біз де есейдік. Алтын шашты Маша қыз Борашқа емес, сол жылы қалың шыққан астықты Украинадан жинасуға келген әскерлердің біріне бұйырды. Алтын күзде даланың шаңын бұрқырата жүйткі жүріп, қырманға бидай тасыған украин жігітінің үлкен машинасының кабинасынан түспей қойған Маша қыз сол жауынгермен Украинасына кетіп тынды.

— Ой, Алла-ай, біздің Қорғалжын көлдерінің күзде “Әприкасына” қайта кететін Қызыл қаздарындай, бұл қыз да бабаларының атажұрттары Украинасына жолын тауып тартып отырды-ау, — деп қалған әкей. Боранбай мотоциклімен Машасы мінген әскери машина қайда барса, сонда ілесіп, әуреге түскен. Астықты алқаптардан ауыл шетіндегі қырманға дейін әлгі машинамен қапталдаса жүйткіп, қалмай жүрген Борашты аяған ауылдың тентектері украин жігітін бірде клубта кешке сабап та тастаған. Ауданнан аупарткомның, милицияның, соттың адамдары келіп орақтың нағыз қызған уағында ел бір шулаған.

— Халықтар арасындағы достыққа кір келтірдің, —

деп ауыл белсенділері Борашты ортаға алып, мотоциклін кеңшардың шетіндегі құрлыс учаскесіне жаптырып, бергізбей қойған. Аудандық “Шамшырақ нұры” газетіне менің Борашты жақтап жазған “Махаббатқа — қиянат” — атты мақалам сол жолы жолданған. Ауылдағы жас теректей үр жаңа тілшіге сол аудандық газеттің пір тұтатын басшыларының бірі Аманжол Алшынбаев ағамнан: “Смағұл бауырым, мақаланды алдық. Мақалаң үстүрт жазылған. Құр эмоцияға берілгенсің. Кейіпкерлерінің өздерімен әңгімелес. Махаббат — ойыншық емес”, — деген жауап хат келген. Борашқа көрсеткенімде, ол: — “Бұған “Лениншіл жас” газеті болмаса, “Шамшырақ нұрының” шамасы келмейді ғой”, — деп мұңайған.

— Сендердікі құр далбаса, Машаның махаббатының шаруасына “Лениншіл жас” араласа алмайды. — Сен, Маша, украин жігітін емес, біздің Борашты сүй, — деп “Лениншіл жас” қалай айтады. Смағұл да, сен де — барып тұрған дорақсындар — деп, Бораш екеуімізге Шәукен ағамыз “өткір сын” айтқан сонда...

Ақыры, Маша қыз сол жылдың астығы жиналып болған қазан айының соңында әскерлермен бірге Украинаға кетті. Оныншы оқитын Бораш сол жылы тұңғыш рет арақ ішіп, мас болды.

— Ез неме, қатын табылмас деп жүрсің бе. Сені мақтап жүрген мен ит екенмін — деп кейіген сонда әкей Борашты ұстап алып...

Мектепте математикадан жақсы оқыған Бораш, Ньютондай ғалым боламын деген Бораш содан арақты жақсы көрді. Бұл уақта Зурә әжеміз де, Момынбай атамыз да өмірден өткен, қасында жоқ. Шортан ағасының балалары көп және кеңшардың көк өгізіндей шаруасынан бір босамайды. Бораш та ағасының соңынан еріп, тракторшылар курсын бітіріп, кеңшардың бір “ДТ”-ына ие болды. Алабұғаны жұтатын Қадырхан — бәрі бір трактор-егіс бригадасында таңның атысы мен күннің батысына дейін далада, танаптарда жүрді. Ауылдың клубында дүрілдеп өтіп жататын кеш сайынғы биге, киноға бару дегенді Бораш таза ұмытты, керек те қылған жоқ. “ДТ”-ысын таң құлан иектене бастасымен ауыл аспанын жаңғырта гүр еткізіп, от алдырады да, сайын дала қайдасың деп тартып отырады. Оның құрбылары — біздер уақыт өте келе жан-жаққа ұшып